



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

Сапа бойынша есеп

*Қазақстан Республикасындағы 2018 жылғы
туризмнің қосалқы шоты*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Ұлттық шоттар басқармасы

S.1.3 Байланыс адамының аты

Мәдібекова Мақпал Молдабекқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Нақыпбеков Әсет Ерікұлы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел көшесі 8, Министрліктер үйі, 4 кіреберіс, e-mail: kazstat.rk@gmail.com

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

m.madibekova@economy.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 7172 74 92 60

S.2 Өзектілік- кіріспе

Ұлттық шоттар жүйесі (ҰШЖ) макроэкономикалық шоттардың, активтер мен пассивтер баланстарының, сондай-ақ негізіне халықаралық деңгейде келісілген ұғымдар, анықтамалар, жіктелімдер мен есепке алу қағидаларының бірқатары жататын кестелердің логикалық түрде тізбекті, үйлесімді және тұтас жиынтығын білдіреді.

ҰШЖ құрылымында жеке салаларды нақтырақ талдауға арналған қосалқы шоттарға арналған арнайы бөлім қарастырылған.

Туризмнің қосалқы шоты (ТҚШ) – туризм саласындағы деректерге қосымша талдау ұсыну мақсатында әзірленген 10 кесте мен агрегатталған көрсеткіштерден тұратын халықаралық деңгейде келісілген жүйе.

Қазіргі уақытта ТҚШ-ны қалыптастырудың өзектілігі туризм саласының деректерін экономикалық талдау, болжамдау және саяси мақсаттарға пайдалануда қажеттілігімен негізделген.

ТҚШ елдегі туризм саласының көлемін және экономикалық маңыздылығын сипаттайтын деректерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. ТҚШ туризмді оның әр түрлі нысанында (кіру, ішкі, шығу) өлшеуге және сипаттауға негізгі басымдылық жасайды, келушілер тарапынан туристік сұраныс пен экономикадағы тауарлар мен қызметтердің ұсынысы арасындағы өзара байланысты анықтайды. Берілген құрал арқылы ел экономикасына тікелей туризмнің үлесін бағалау жүзеге асырылады, туризмдегі жұмыспен қамытудың деңгейі анықталады.

Негізгі пайдаланушылары Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі сияқты мемлекеттік органдар, ғылыми зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар және басқалар болып табылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

30.04.2020

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

30.04.2019

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

30.04.2020

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Келу туризміне қатысты тұтыну (1-кесте), шығу туризміне қатысты тұтыну (3-кесте), ішкі туризмге қатысты тұтыну (2-кесте), ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну (4-кесте) өнімдер және келушілердің санаттары бойынша бөлінісінде есептеледі.

Туризм салаларының шығарылымы өнімдердің түрлері бойынша бөліністе ұсынылған және базистік бағаларда бағаланады (5-кесте). Аралық тұтыну сатып алушының бағасында бағаланады. Екі шаманың арасындағы айырмашылық базистік бағалардағы жалпы қосылған құн (ЖҚҚ) деп аталады және тұтас әрбір туризмнің саласына қатысы бар. ЖҚҚ 5-кестедегі жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу, өнімдерге берілген субсидияларды шегергендегі басқа да салықтар және жалпы аралас табыс жолдарының сомасына тең. Туризмнің барлық салаларының ЖҚҚ жиыны (5.13-баған) Туризм салаларында құрылатын жалпы қосылған құн (ТСЖҚҚ) көрсеткішіне теңеседі.

6-кестеде 4-кестеден ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну мен сатып алушылар бағасындағы ішкі ұсыныс салғастырылады. Ішкі ұсыныстың жалпы көлемі 5-кестедегі туризм салаларының ішкі шығарылымы мен импорт, өндірілген және импортталған өнімдерге субсидияларды шегергенде таза салықтар және сауда мен көліктік үстеме бағалар сияқты қосымша көрсеткіштердің сомасы арқылы шығарылады.

Туризмнің үлесі (пайызбен) 4-кестедегі ел ішіндегі туризмге қатысты тұтынудың ішкі ұсынысқа (6.4-баған) қатынасы арқылы анықталады. Туризмнің үлесі ұсыныстың әрбір жеке элементі шегіндегі ел ішіндегі туризмге жататын тұтыну үлесін білдіреді. Туризмнің үлесі Тікелей туризмде құрылатын жалпы қосылған құнның (ТТЖҚҚ) агрегатталған көрсеткішін бағалауда қолданылады.

ТҚШ шеңберінде ТТЖҚҚ келушілердің тұтынуымен байланысты туризм салаларымен және басқа салалармен құрылатын қосылған құнның бөлігі ғана көрсетеді.

Туризм салаларындағы халықты жұмыспен қамтудың сандық бағалауы 7-кестеде көрсетілген. 8-кестеде туризм салаларындағы негізгі капиталдың жалпы жинақталуы (НКЖЖ) анықталады.

9-кесте ұжымдық туристік тұтынууды сипаттайды және келушілердің бірге тұтынуы үшін мемлекеттік басқару органдарының әр түрлі деңгейлерімен ұсынылатын нарықтық емес қызметтерінің құнын көрсетеді.

10-кестеде туризм түрлері, келушілер санаты және тұрақтау ұзақтығы мен ел аумағына кіру үшін бейрезидент келушілер пайдаланатын көлік түрлері бойынша бөлінісіндегі сапарлар саны туралы ақшалай емес көрсеткіштер ұсынылған.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Кестелер көрсеткіштерін келісу үшін ТҚШ қалыптастыру кезінде туристік өнімдер мен туризм саласының жіктелімі пайдаланылады. Туристік өнімдер жіктеліміне туризмге тән тұтыну тауарлары және туризмге қандай да бір қатысы бар өзге де өнімдер кіреді. Туризм саласының жіктеліміне типтік туристік өнімдерді өндірумен байланысты экономикалық қызметтің түрлері кіреді.

Келесі жіктеуіштер пайдаланылады :

ЭҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (NACE rev.2).

ЭҚТӨЖ - Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуіші (CPA 2008).

Жіктеуіштер ҚР ҰЭМ СК-нің www.stat.gov.kz сайтында " Жіктеуіштер" бөліміне орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Қолданылмайды.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

ҰШЖ 2008, Туризм статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдар, 2008 жыл (ТСХҰ 2008 жыл) және Туризмнің қосалқы шоты: ұсынылған әдіснамалық негіздер, 2008 жыл (ТҚШ:ҰӘН 2008 жыл) халықаралық ұсынымдарының анықтамаларына сәйкес келетін негізгі ұғымдар:

1)аралық тұтыну – есепті кезеңде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісіне шығындар ретінде өндіріс процесінде түрленетін немесе толық тұтынылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер құны;

2)еңбек өнімділігі – пайдаланылатын ресурстар бірлігіне есептегенде өнім шығарылымын сипаттайтын, өндіріс көлемі мен еңбек ресурстары шығындарының арақатынасын білдіретін өндіріс тиімділігінің көрсеткіші;

3)ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну – тиісті елдің экономикалық аумағы шегінде резиденттер де, бейрезиденттер де болып табылатын келушілердің туристік тұтынуы;

4)жалпы қосылған құн (ЖҚҚ) – өндірістік қызметтің соңғы нәтижесін сипаттайды және берілген өндірістік процестегі өңдеумен қосылған құндылықты білдіреді. Салалар деңгейінде тауарлар және көрсетілген қызметтер шығарылымы және аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде есептеп шығарылады, өндіріс процесінде тұтынылатын негізгі капиталдың құнын қамтиды;

5)келу туризміне қатысты тұтыну – тиісті елдің экономикалық аумағы шегінде бейрезидент келушілердің туристік тұтынуы;

6)нақты көлем индексі (НКИ) – салыстырмалы кезеңде саладағы өндіріс көлемінің өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш. Базистік кезеңде есептелген және базистік кезеңдегі бағасына белгілі бір құнның ағымдағы кезеңге бөліндісімен есептеледі;

7)ұлттық шоттар жүйесінің тұжырымдамасы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар – негізгі капиталға материалдық және материалдық емес салымдар;

8)туризм салаларында құрылатын жалпы қосылған құн (ТСЖҚҚ) – өндіретін жалпы өнімінің тұтынушыларға арналғанына не арналмағанына қарамастан, және олардың өндірістік процесінің мамандану дәрежесіне қарамастан туризм саласында жұмыс істейтін барлық мекемелер құрайтын жалпы қосылған құнның сомасы;

9)тікелей туризмде құрылатын жалпы қосылған құн (ТТЖҚҚ) – ел ішіндегі туризмге жататын тұтыну серпініне сәйкес тұтынушыларға қызмет көрсетумен тікелей байланысты туризм салаларында және экономиканың басқа салаларында құрылатын, жалпы қосылған құнның бөлігі;

10)туристік шығыстар – тұтыну үшін тауарлар мен қызметтерді, сонымен қатар жеке тұтыну немесе сыйлық ретінде пайдалану үшін туристік сапарға дейін және сапар кезінде сатып алуға жұмсалған ақша қаражаттарының сомасы;

11)шығу туризміне қатысты тұтыну – тиісті елдің экономикалық аумағы шегінен тыс жерде резиденттердің туристік тұтынуы;

12)ішкі туризмге қатысты тұтыну – тиісті елдің экономикалық аумағы шегінде резидент келушілердің туристік тұтынуы.

S.4.5 Статистикалық объект

Экономикалық қызмет түрелері, резидент келушілер, бейрезидент келушілер.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Қолданылмайды.

S.4.7 Аумақтық қамту

Жалпы Қазақстан Республикасы.

S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстанда туризмнің қосалқы шоты көрсеткіштерінің есебі 2003 жылдан бастап жыл сайынғы негізде жүргізіледі. 2003-2018 жылдар аралығындағы мезгілдік қатарлар бар.

S.4.9 Базалық кезең

Базалық кезең өткен жыл болып табылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Мың қазақ теңгесі

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілетін Қазақстан Республикасының заңнамалық тәртібінде белгіленген Статистикалық жұмыстардың жоспары.

3.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

4."Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2018 жылғы 24 сәуірдегі № 54 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 мамырда №16879 болып тіркелді.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2.2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 31 қазандағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты Комитеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Комитеттің есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығы, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы болу шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағы. Статистикалық жұмыс жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі»/«Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайдаланушыларға бірдей және бір мезгілде қол жетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР ҰЭМ Статистика комитеттің www.stat.gov.kz сайты: Негізгі>Ресми статистика>Салалар бойынша>Ұлттық шоттар статистикасы>Статистика>Бюллетендер

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Жарияланбайды.

S.11.2 Жарияланымдар

«Қазақстан Республикасындағы туризмнің негізгі даму көрсеткіштері" және "Қазақстан Республикасындағы туризмнің қосалқы шоты» бюллетені жыл сайын ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің сайтында жарияланады.

Ресми статистика/Салалар бойынша/Ұлттық шоттар статистикасы (Динамикалық кестелер және Жедел ақпарат) бөлімінде орналасады.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» ақпараттық талдамалық жүйесінде > Ұлттық шоттар жүйесі>
Туризмнің қосалқы шоты

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S.11.5 Өзге де

-

S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1. Ұлттық шоттар жүйесі, 2008 ж. (ЕУРОСТАТ Еуропалық Одағының Комиссиясы, Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Дүниежүзілік Банкі басып шығарған); <https://unstats.un.org/unsd/nationalaccount/docs/SNA2008Russian.pdf>.

2. Туризмнің қосалқы шоты: ұсынылған әдіснамалық негіз, 2008 жылғы (Еуропалық Қоғамдастықтардың статистикалық бюросының (Еуростат), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) және Дүниежүзілік туристік ұйымының (ЮНДТҰ) қатысуларымен Біріккен Ұлттар Ұйымының статистикалық бөлімі басып шығарған) https://unstats.un.org/unsd/publication/Seriesf/SeriesF_80rev1r.pdf

3. "Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2018 жылғы 24 сәуірдегі № 54 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 мамырда № 16879 болып тіркелді.

<http://adilet.zan.kz>

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 67 бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Сапа саласындағы мақсаттары, Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.

3.Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.

4.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

5.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ұлттық шоттар статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпыға бірдей қабылданған рәсімдермен құпталады:

-халықаралық стандарттарға сәйкес деректердің салыстырымдылығын қамтамасыз ету үшін халықаралық ұсынымдарға сәйкес қалыптастыру;

-тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық классификациясын пайдалану;

-статистикалық деректердің салыстырмалы талдауы жүргізіледі.

S.13.2 Сапаны бағалау

Туризмнің қосалқы шоты бойынша деректер БҰҰ жанындағы Дүниежүзілік туристік ұйым әзірлеген Туризм статистикасы жөніндегі халықаралық ұсынымдарға (2008 ж.) сәйкес, сондай-ақ БҰҰ статистика бөлімі Еуропалық қоғамдастықтардың статистикалық бюросымен, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен және Дүниежүзілік туристік ұйыммен бірлесіп әзірлеген әдіснамалық ұсынымдардың негізінде қалыптастырылады.

Сонымен қатар, 2018 жылғы туризмнің қосалқы шоты 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесіне және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2018 жылғы 24 сәуірдегі № 54 бұйрығымен бекітілген Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу әдістемесіне сәйкес есептелген.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Негізгі пайдаланушылар:

мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі және тағы басқалары);

ғылыми-зерттеу институттары (Экономикалық зерттеулер институты және тағы басқалары);

халықаралық ұйымдар (ЮНДТҰ және тағы басқалары);

университет оқытушылары, студенттер және тағы басқалары.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Q-002 "Пайдаланушыларға сауал салу" сауалнамасына сәйкес жыл сайын статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

2008 Ұлттық шоттар жүйесінің халықаралық стандартына сәйкес.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Туризмнің қосалқы шоты бойынша көрсеткіштердің есептеулері ықтимал қателерді барынша азаятындай және бақыланатындай етіп қалыптастырылған.

Бастапқы деректердің дәлдігі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық басқармаларынан және мемлекеттік органдардан алынатын деректер көздерінің әдіснамалық ұсынымдар мен әдіснамалық негізділікті сақтау жолымен қамтамасыз етіледі.

2018 жылғы туризмнің қосалқы шоты 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесіне, 2008 жылғы Туризм статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдарға және ұсынылатын «Туризмнің қосалқы шоты, 2008 жыл» әдіснамалық негізіне сәйкес есептелген.

Туризмнің қосалқы шоты туризм салаларында құрылған жалпы қосылған құн, келушілердің туристік өнімдерді тұтынуы, сондай-ақ туризм салаларындағы туристік өнімдерге деген сұраныс, туризм саласындағы өндіріс және туристік өнімдерге сұраныс пен ұсыныс, жұмыспен қамту және туризм саласындағы жалпы қорланым туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Тікелей туризмде құрылған жалпы қосылған құн 2018 жылы 701,1 млрд. теңге сомасында, ал оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 1,1%-ға айқындалды.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолайсыз.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолайсыз.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Деректер есепті кезеңнен кейін 16 айда жарияланады. (T+16).

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Бюллетень жыл сайын Статистикалық жұмыстар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес жарияланады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер ҚР ҰЭМ Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі мен ҚР ҰЭМ министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мерзімдерде жарияланады және таратылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Есептеулер Ұлттық шоттар жүйесі, 2008 ж., Туризм статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдар, 2008 ж., және Туризмнің қосалқы шоты: ұсынылған әдіснамалық негіз, 2008 ж. әдістемелеріне сәйкес жүргізілетіндіктен, халықаралық деңгейде салыстырылмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Қолданылмайды.

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Қазақстанда ТҚШ 2003 жылдан бері қалыптастырылады. 2013 жылдан бастап «Туризм статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдар, 2008 жыл» және «Туризмнің қосалқы шоты: ұсынылған әдіснамалық негіздер, 2008 жыл» халықаралық ұсынымдарына сәйкес жүргізіледі.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Есептеулер Ұлттық шоттар жүйесі 2008 және Туризмнің қосалқы шоты: ұсынылған әдіснамалық негіз, 2008 ж. халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілетіндіктен, ол бірдей түсініктерді, анықтамаларды, жіктелімдерді және бағалау әдістерін қамтамасыз етеді.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Туризмнің қосалқы шотының көрсеткіштерін есептеу үшін Қызмет көрсету және энергетика статистикасы басқармасының (ҚР сапарларға жұмсалған шығыстар туралы үй шаруашылықтарын зерттеу, ҚР келушілерді зерттеу, ҚР көрсетілген қызметтердің көлемі туралы, ҚР орналастыру орындарының қызметі туралы деректер), Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы басқармасының (еңбек, халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу бойынша деректер), Статистикалық тіркелімдер және жіктелімдер басқармасының (2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша статистикалық бизнес-тіркелімнен тіркелген заңды тұлғалардың саны туралы), Өндіріс және қоршаған орта статистикасы басқармасының (пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға инвестициялар), Құрылымдық статистика басқармасының (экономикалық қызмет түрлері бойынша қолданысқа енгізілген жаңа негізгі қорлар туралы), Ұлттық шоттар басқармасының (ресурстар-пайдалану кестесінің көрсеткіштері) деректері қолданылады.

Туризмнің қосалқы шотының «8.9.1 Бірлескен ЖІӨ-ге пайыздық қатынастағы және өсім қарқындары бойынша туризмнің ЖІӨ тікелей салымы» және «8.9.2 Саладағы жалпы жұмыс орнының санындағы тұрақты туризм индустриясындағы қызметкерлер үлесі» көрсеткіштерін Тұрақты даму мақсаттарының статистикасы басқармасы 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мақсаттарының мониторингі үшін пайдаланады.

S.19 Жүктеме

Туризмнің қосалқы шотын Статистика комитетінің қызметкерлері Excel режимінде қалыптастырады. Көрсеткіштерді қалыптастыру кезінде ведомстволық және әкімшілік деректер де пайдаланылады.

Басқа статистикалық жұмыстармен қатар қайталанбайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

2008 ҰШЖ көшуге, 2008 жылғы Туризм статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдарға және ұсынылатын «Туризмнің қосалқы шоты, 2008 жыл» әдіснамалық негізіне байланысты 2017 жылы 2013-2015 жылдарға деректер қайта есептелді.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

ТҚШ-ны қалыптастыру үшін бастапқы деректер мыналар болып табылады:

Ұлттық шоттар жүйесінің «Ресурстар - Пайдалану» кестелерінің деректері;
салалық статистика деректері:

-резидент келушілер және бейрезидент келушілердің туристік шығындары;

-жұмыспен қамтылған халық саны;

- негізгі капиталға салынатын инвестициялар;
- баға индекстері;
- өзге де деректер;
- құрылымдық статистика деректері:
- негізгі қор жағдайы туралы мәліметтер;
- ведомстволық және әкімшілік деректер:
- ҚР төлем балансы, ҚР кеңейтілген жіктеу бойынша халықаралық қызметтер балансы (ҚР Ұлттық банкі);
- мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есеп (ҚР Қаржы министрлігі);
- ұжымдық туристік тұтынуға шығыстар (ҚР Мәдениет және спорт министрлігі).

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың нәтижелері салалық статистика басқармаларынан Excel кестелері түрінде алынған. Ведомстволық және әкімшілік деректер мемлекеттік органдармен ақпарат алмасу туралы қолданыстағы бірлескен бұйрықтар шеңберінде Excel кестесі түрінде, ЭҚАБЖ (Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі), ОДО (Бұлтты құжат айналымы) арқылы сұраулар бойынша және дереккөздерінің ресми сайттарынан алынды.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректерге талдау жүргізіледі, тексеру процесінде алынған нәтижелер өткен кезеңмен салыстырылады.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Бұдан әрі деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.